



Орал қаласы, 20 қыркүйек 2023 жыл

VII ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ФОРУМНЫҢ ҚАРАРЫ

2024 жылғы 20 қыркүйекте Орал қаласында «Uralsk Green Forum» атты Жетінші Халықаралық экологиялық форум өтті. Форум – «Карачаганак Петролиум Оперейтинг Б.В.» компаниясы мен Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің бастамасы. Форум жыл сайын өткізіліп келеді және мемлекет, бизнес және азаматтық қоғам арасында қоршаған ортаны қорғаудың өзекті мәселелерін диалог форматында талқылауды қамтиды.

VII форумның негізгі мақсаты – тәжірибе алмасу, "жасыл" экономика тұжырымдамасын іске асырудағы ынтымақтастықты жалғастыруға платформаны құру, бір қатар мәселелер бойынша кешенді диалогты нығайту: қоршаған ортаны қорғау, ең үздік қолжетімді технологияларды енгізу мүмкіндіктері, климаттық өзгерістер туралы хабардар ету арқылы ынта-жігерімізді біріктіру және өңірдің тұрақты дамуы жөнінде ортақ көзқарасты қалыптастыру.

Форумда талқыланған мәселелер:

- Климаттық өзгерістер, қуатты үнемдеп пайдалану аясындағы мемлекеттік саясат
- Таза өндіріс және "жасыл" қаржыландыру

- Өнеркәсіпте жаңартылатын қуат көздерін пайдалану және өнеркәсіптің төменкөміртекті дамуы
- Экологиялық стартаптар мен жаңа инновациялық технологиялар

Форумға 200 астам адам қатысты. Қатысушылардың қатарында Қазақстан Республикасы Президенті Аппаратының, министрліктер мен ведомстволардың өкілдері, табиғат пайдаланушы компаниялардың, экологиялық қауымдастықтардың қызметкерлері, экология және жасыл трансформация саласының сарапшылары мен мамандары, республикалық және өңірлік БАҚ, БҚО студент жастарының өкілдері болды.

Форум құрамы пленарлық сессия мен екі панельдік сессиядан тұрды. Бірінші панельдік сессияда «Қуат тиімділігі және декарбонизация» тақырыбына жаңартылатын қуат көздері және төменкөміртекті даму саласындағы сарапшылардың қатысуымен өткізілсе, екіншісіне жасыл технологиялар мен инвестициялық жобалар саласындағы сарапшылар қатысып, «Экологиялық стартаптар мен технологиялар» тақырыбын талқылады.

Форумға қатысушылар Батыс Қазақстан өңірінің тұрақты дамуына бейілді екендерін білдіріп, өткізілген шараның тиімділігін атап өтті және келесі келісімдерге келді:

1. Климаттың өзгеруі, көміртегі бейтараптығына қол жеткізу және Батыс Қазақстан облысында, сондай-ақ облыстағы өндірістік компанияларда метан шығарындыларын азайту мәселелері бойынша мемлекеттік саясаттың орындалуына жәрдемдесу.

2. Облыстағы ірі кәсіпорындардың OGMP 2.0 Жаһандық метан бастамасына қолдау көрсетулері арқылы парниктік газдар шығарындыларын азайту ісінде БҚО көшбасшылығын ілгерілету.
3. Компаниялардың экологиялық қауіпсіздік, әлеуметтік жауапкершілік және корпоративтік басқарудың үздік тәжірибесі саласындағы қызметін трансформациялауға жүйелі көзқарасты ынталандыру.
4. Мемлекеттік органдарды, бизнесті оқыту бағдарламалары арқылы БҚО-да тұрақты даму саласындағы хабардарлықты арттыру, жасыл технологияларды енгізу үшін ынталандырмаларды ойластыру.
5. БҚО-да жаңартылатын қуат көздері, қуатты үнемдеуді дамыту бойынша жобаларды ілгерілетуге жәрдемдесу.
6. Мемлекеттік ұйымдар мен жетекші өнеркәсіптік компаниялар арасында төменкөміртекті даму бойынша білім мен тәжірибе алмасу.
7. Қайта өңделген өнеркәсіптік қалдықтарды қосалқы материалдық ресурстар ретінде қолдану саласында ынтымақтасу.
8. Еліміздің және облыстың табиғи ресурстарына мониторинг жүргізу және басқару саласында цифрландыруды дамытуға ықпал ету.

Қарардың электрондық нұсқасы www.ugf.kz сайтында орналастырылған